

Бесқарағай ауданы Баскөл ауылдық округінің Башкөл ауылы Озерная көшесіне шектеу іс- шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Баскөл ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 13 қаңтардағы № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 15 қаңтарда № 6531 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Баскөл ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 17 наурыздағы № 3

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Баскөл ауылдық округі әкімінің 17.03.2020 № 3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

ЗҚАИ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Бесқарағай аудандық аумақтық инспекция басшысының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 325 ұсынысы негізінде, Баскөл ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Башкөл ауылының Озерная көшесінің аумағына мүйізді ірі қара малдан құтырма ауруының шығуына байланысты, Бесқарағай ауданы Баскөл ауылдық округі Башкөл ауылының Озерная көшесіне шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Баскөл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді әділет органында мемлекеттік тіркеу;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін Бесқарағай ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберу;

3) осы шешім ресми жарияланғаннан кейін Бесқарағай ауданы әкімінің интернет-ресурсында орналастыру қамтамасыз етілсін.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Баскөл ауылдық округінің әкімі

К. Бытебаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК